

Бекітемін:

«Тұлпар» жеке меншік бөбекжайының
менгеруші: Науанова М.И.



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде «Бала Би» ересек тобына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

2023 - 2024 оқу жылы

Түсінік хат

2023–2024 оқу жылында «Тұлпар» жеке бөбекжайының «Бала Би» ересек тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 2 қосымшасы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша құрылған

Оқу жүктемесіне 5 білім дағдысының мазмұны кіреді: «Физикалық қасиеттері», «Коммуникативтік дағдылар», «Танымдық және зияткерлік дағдылары», «Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс -әрекетінің дамуы», «Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру». Ересек топта 4 жастағы балалар тәрбиеленеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың тәрбие мен оқытудың оқу жұмысна ойын арқылы уақыт бөлінеді.

1. Физикалық қасиеттерді даму - дене шынықтыру аптасына үш рет
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет күн сайын, қазақ тілі аптасына бір рет.
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - математика негіздері күн сайын.
4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музыка аптасына екі рет.
5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру – қоршаған ортамен таныстыру күн сайын.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарына міндеттері мен күтілетін нәтижесі жазылады, апталық циклограмма құрылады. Оқу жүктеме балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Тұлпар» жеке бөбекжайы

Топ «Бала Би» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2023-2024 оқу жылы

Айы.	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қыркүйек	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Негізгі қимылдар. Жүру: өкшемен жүру. Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру Жүгіру: аяқтың ұшымен, т Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен) Кеудеге арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты) Аяққа арналған жаттығулар. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың доптармен ойындарын жетілдіру Салауатты өмір салтын қалыптастыру Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Мәдени- гигиеналық дағдылар: Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өз -өзіне қызмет көрсету дағдылары: Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді қалыптастыру Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін дамыту Күтілетін нәтиже: доптармен ойындар ойнайды

	-өзінің сыртқы келбетін өз бетінше реттейді; -дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытады; -қимылды ойындардың ережелерін орындайды; -түрлі тапсырмалар орындап, бір-бірден сапта жүреді; -екеуден, үшеуден қатарға қайта тұрады; -спорттық ойындар мен жаттығулардың бастапқы техникасын орындайды,
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Сөздік қор. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыру Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу Күтілетін нәтиже: Дауысты дыбыстарды дұрыс айтады; тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсінеді
Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Күтілетін нәтиже: -таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын қайталап айтады; -көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды;
Қазақ тілі***	Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеу білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы сөйлемдермен жауап беруге баулу Күтілетін нәтиже: айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы біледі; сөздерді жіктеп қолданады; қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы сөйлемдермен жауап береді;

	Математика негіздері	Жиын. Жиын туралы түсініктерді қалыптастыру; Сан, санау. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту Шама. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Геометриялық пішіндер: Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) атай білуге үйрету Кеңістікте бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау Уақытты бағдарлау. «Таңертең» тәулік бөлігімен таныстыру, анықтау Күтілетін нәтиже: 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды; геометриялық фигураларды атайды; тәулік бөліктерін ажыратады,
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Баланың "Мен" бейнесін қалыптастыру. Заттық әлем. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Байланыс және қозғалыс құралдары. Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Еңбекке баулу Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру Адамгершілік және патриоттық тәрбие Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу Менің Отаным – Қазақстаным Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Жолда жүру ережелері. Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол және жерасты өту) Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары: Табиғат құбылыстары туралы (жел, кемпірқосақ) туралы білімдерін кеңейту Өсімдіктер әлемі: Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Жануарлар әлемі: Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы туралы түсініктерін қалыптастыру Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.

		Амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу Күтілетін нәтиже: бала өзінің "Мен" бейнесін көрсетеді; өзінің туған жерін біледі және атайды; көлік түрлері мен жол түрлерін атайды; жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды біледі; өсімдіктерге күтім жасаудың қарапайым әдістерін біледі;
	Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжеттік композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Күтілетін нәтиже: жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады;
	Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу Күтілетін нәтиже: жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады;
	Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Күтілетін нәтиже: шығармашылықпен, қызығушылықпен жапсырады
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «Лего» конструкторлардан құрастыру Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру Қағаздан құрастыру Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу Күтілетін нәтиже: құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады; қағаз парағын түрлендіреді;
	Музыка****	Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру Музыка тыңдау Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау) Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету Музыкалық-ырғақты қимылдар. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру Билер Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету Күтілетін нәтиже: музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды);

қазан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүгіру. аяқтың сыртқы қырымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау. сызықтардың, арқанның жүру. Жүгіру. адымдап жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу Секіру бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру. Лақтыру, домалату кұрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру. Сапқа тұру. Бір-бірден сапқа тұру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру. Кеудеге арналған жаттығулар Оңға, солға еңкею, шалқаю Аяққа арналған жаттығулар Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қимылдық ойындар Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың қозғалатын ойыншықтармен ойындарын қолдау Салауатты өмір салтын қалыптастыру Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. Мәдени- гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Өз-өзіне қызмет көрсету дағдылары. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу Күтілетін нәтиже: жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын сақтайды; дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытады; қимылды ойындардың ережелерін орындайды;

		түрлі тапсырмалар орындап, бір-бірден сапта тұрады; Бір орында тұрып оңға, солға секіреді, спорттық ойындар мен жаттығулардың бастапқы техникасын игерген
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту Сөздік қор. Айналасындағы заттардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Тілдің грамматикалық құрылымы. Көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету Байланыстырып сөйлеу Диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Күтілетін нәтиже: дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады;
	Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуды, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуды дамыту Күтілетін нәтиже: -тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады;
	Қазақ тілі***	Тілдік дамытушы орта. Оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде тыныс алуды білуді дамыту Сөздік қор Тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді тәуелдеп білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу Бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйрету Күтілетін нәтиже: сөздерді тәуелдеп қолданады; қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес бұйрықты сөйлемдермен жауап береді
	Математика негіздері	Жиын. Жиынның әр түрлі түстегі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін қалыптастыру Сан, санау. Реттік сан есімдерді атауға үйрету Шама. Ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру; Геометриялық пішіндер:

		Геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету; Кеңістікте бағдарлау. берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен) Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері «күндіз» туралы ұғымын қалыптастыру Күтілетін нәтиже: екі затты ені бойынша салыстырады; геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді ажыратады және атайды; тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін біледі;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу Заттық әлем. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білу біліктерін жетілдіру. Байланыс және қозғалыс құралдары Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру Еңбекке баулу. Бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге үйрету Адамгершілік және патриоттық тәрбие Бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу Менің Отаным – Қазақстаным Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Жолда жүру ережелері. (Велосипедке арналған жол) бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары: Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Өсімдіктер әлемі: Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін түсінік беру Жануарлар әлемі: Жабайы аңдар туралы түсініктерін қалыптастыру Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; Күтілетін нәтиже: өзін құрметтегенді ұнатады; бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді; көлік түрлері мен жол түрлерін атайды; мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылармен әдепті қарым-қатынас

		негіздерін біледі; бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді;жабайы аңдарды, олардың сыртқы түрін біледі;
	Сурет салу	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Күтілетін нәтиже: заттарды пішінін, түсін ескере отырып салады;
	Мүсіндеу	Өртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию,жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Күтілетін нәтиже: қысу, созу тәсілдерін қолданады;
	Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Күтілетін нәтиже: қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады; қысқа және ұзын жолақтарды қияды;
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан «Лего» конструктордан құрастыру. Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау Қағаздан құрастыру. бұрыштарды және қырларды біріктіру, желімдеу Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) заттардан құрастыру. Күтілетін нәтиже: құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады; табиғи заттардан құрастырады;
	Музыка****	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету Ән айту: әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: марш сипатын ырғақты жүріспен беру Билер: музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау Күтілетін нәтиже:

		әнді мәнерлеп, созып, қимылдармен үйлестіріп (ре-си бірінші октава шегінде) айтады; марш сипатын ырғақты жүрумен береді;
қараша	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар. Жүру. гимнастикалық скамейканың. Тепе-теңдікті сақтау бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып жүру. Жүгіру сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, "жыланша Еңбектеу, өрмелеу: етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; Секіру: оңға, солға бұрылып секіру Лақтыру, домалату, қағып алу оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру Жалпы дамытушы жаттығулар: қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою, кеуде тұсына қою; Кеудеге арналған жаттығулар: Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшак), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою Спорттық жаттығулар: Кегалар арасымен жүру, жүгіру. Қимылды ойындар: Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың құрсаулармен ойындарын қолдау Салауатты өмір салтын қалыптастыру: "Денсаулық - зор байлық" сөзінің мәнін түсіну Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаюды үйрету. Күтілетін нәтиже: адамның өмірі мен денсаулығы үшін дене шынықтырудың маңыздылығын түсінеді-музыканың ырғағымен реттеу жаттығуларын, қолды еркін ұстап кең адымдап жүруді. - сандықтың қандай мақсатта пайдаланылатынын, музыкаға, ойыншықтың образына сай қимылдауды, параллель қос сызықтың ортасымен жүргенде тепе-теңдікті қалай сақтау керектігін.

		-параллель қос сызықтың ортасымен жүру, допты бір-біріне домалату, қағып алу, бұрылыстармен секіру қабілеті дамиды
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. БІЗЫҢ дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу. Затты, суретті өз бетінше қарап балаларды әңгіме айтуға үйрету Күтілетін нәтиже: - естіген дыбыстарды дұрыс айтады; - өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі; - зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтады;
	Көркем әдебиет	Шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауды дамыту Күтілетін нәтиже: - дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды жаңғыртады; - тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады;
	Қазақ тілі***	Тілдік дамытушы орта: Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар тану. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту Сөздік қор: Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктеп білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беру Күтілетін нәтиже: айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы біледі; ұжымдық әңгімеге қатысады, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлейді;
	Математика негіздері	Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі пішіндегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру Сан, санау. сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға үйрету Шама.

		Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.Биіктігі бойынша екі затты салыстыру Геометриялық фигура: геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу Кеңістікте бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау (оңға-солға) Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері «кеш» , олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктерін анықтау Күтілетін нәтиже: 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды; геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттейді;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру ("Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын"). Заттық әлем. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Байланыс және қозғалыс құралдары: Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Еңбекке баулу: Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие: Келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге Менің Отаным – Қазақстан. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Жолда жүру ережелері: Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды) Өсімдіктер әлемі: Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Жануарлар әлемі. қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету: Ересектердің әңгімесіне араласпауға үйрету Күтілетін нәтиже:

		бала өзінің «Мен» бейнесін көрсетеді, ойын ашық айтады, еңбек етуге қызығушылық танытады; Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарайды; табиғат құбылыстарын атайды және ажыратады;
	Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Күтілетін нәтиже: қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына қызығушылық танытады;
	Мүсіндеу	Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді
	Жапсыру	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Күтілетін нәтиже: текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қияды;
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, Қағаздан құрастыру: бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, "оригами" үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары) таныстыру Күтілетін нәтиже: -көлемі мен пішіні бойынша таңдайды;пайдаланады; -"оригами" үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады; -қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын біледі;
	Музыка****	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Билер: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату Күтілетін нәтиже:

		музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды, әнді созып, сөздерін анық айтады, музыканың ырғағын нақты береді, қос аяқпен еркін және жеңіл секіреді;
желтоқсан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар. Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, Лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар: тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Аяққа арналған жаттығулар: Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Спорттық жаттығулар: шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау. Қимылды ойындар: ойындарда физикалық қасиеттерді дамыту Дербес қимыл белсенділігі: дене шынықтыру құралдарын пайдалануға ынталандыру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру: өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін түсіну Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: Тамақтану әдебін сақтау Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: өз бетінше киіну мен шешінуді дағдылану. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жүру Күтілетін нәтиже: - өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін түсінеді;- әр түрлі бағытта жүреді; -жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді; -аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта жүгіреді; -түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіреді; -табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектейді; -қолдарымен тартылып, еңбектейді; - жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелейді;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Сөздік қор.

		Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сан есімдерді ретімен атауға үйрету Байланыстырып сөйлеу Түрлі балалар әрекеттерінде бейнеленген суреттер бойынша әңгіме құрастыруға үйрету Күтілетін нәтиже: - адамдардың мамандықтарын білдіретін зат есімдерді, еңбек әрекетін білдіретін етістіктерді біледі; - сан есімдерді ретімен атайды - бейнелеген суреттері бойынша әңгімелер құрастырады;
	Көркем әдебиет	Шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Күтілетін нәтиже: әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай алады; шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды;
	Қазақ тілі***	Тілдік дамытушы орта: оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөйлеуде тыныс алу Сөздік қор: Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді тәуелдеп білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру Күтілетін нәтиже:-
	Математика негіздері	Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, Сан, санау. «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беру Шама. Екі затты үстіне қою бойынша екі затты салыстыру; Геометриялық фигура: сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау) Кеңістікті бағдарлау Берілген бағытта қозғалу (жоғары-төмен) Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері («түн») ерекшелігі мен реттілігі Күтілетін нәтиже: еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді; түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіреді және дәлелдейді

	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Заттық әлем. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу Байланыс және қозғалыс құралдары: Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Еңбекке баулу: Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Адамгершілік және патриоттық тәрбие: айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы туралы түсінік беру Жолда жүру ережелері: Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, "Жаяу жүргінші өткелі", "Қоғамдық көлік аялдамасы" жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Өсімдіктер әлемі: Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Жануарлар әлемі. қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру Мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету: Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: өзінің пікірін білдіреді, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға тырысады; өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады; бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді;
	Сурет салу	Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Күтілетін нәтиже: заттарды пішінін, түсін ескере отырып салады;
	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Күтілетін нәтиже:

		бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстырады;
	Жапсыру	Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды түрлі тәсілдермен қияды; бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді;
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, Қағаздан құрастыру: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Күтілетін нәтиже: - өз бетінше ойдан құрастырады; -қағаз парағын түрлендіреді;
	Музыка***	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, Ән айту: әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: марш сипатын ырғақты жүріспен беру, Балалардың музыкалық: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған ағаш қасықтарды қолдану. Билер: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету кіріспеден кейін қимылдарды бастау Күтілетін нәтиже: музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды;таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды;музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды;
қаңтар	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар Жүру жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып қол-аяқ қимылдарын үйлестіру. Тепе-теңдікті сақтау бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру Жүгіру түрлі тапсырмаларды орындай отырып: Еңбектеп өрмелеу

		етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру Лақтыру, домалату, қағып алу 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру Сапқа тұру Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және аяқ белдеуіне арналған жаттығулар қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Аяққа арналған жаттығулар Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру Спорттық жаттығулар. төбешіктен сырғанау Қимылдық ойынына қызығушылықтарын дамыту Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту Дербес қимыл белсенділігі: спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Тістерді тазалаудың пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы) пайдалануды дамыту Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау Күтілетін нәтиже: өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын түсіне- өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүреді; жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді; сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап, жүреді; аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта жүгіреді; түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіреді; шанамен сырғанайды және мұзды жолдармен өз бетінше сырғанайды; қимылды ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетеді; доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен қимылды ойындарды ойнайды; өз бетінше ойнайды және спорттық ойындардың ережелерін сақтайды;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.

		Сөздік қор. Сөздік қорды ересектердің еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сан есімдерді зат есімдермен септіктерде байланыстыруға үйрету Байланыстырып сөйлеу Бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу Күтілетін нәтиже:-еңбек әрекетін білдіретін етістіктерді біледі; - сан есімдерді зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырып айтады; -бұйымдары бойынша әңгімелер құрастырады;
	Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру Күтілетін нәтиже: - шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды; -әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді;
	Қазақ тілі***	Тілдік дамытушы орта: Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: фонематикалық есту Сөздік қор: Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді септеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру Күтілетін нәтиже: сөз ішінде анық айтады; туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді біледі; өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтады;
	Математика негіздері	Жиын. заттарды жұппен қою Сан, санау. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету Шама. екі затты қасына қою тәсілдерін қолдану; Геометриялық фигура: салыстыру нәтижелерін атау (кеңдеу-тарлау) Кеңістікте бағдарлау. заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру Уақытты бағдарлау. «Бүгін» ұғымын кеңейту Күтілетін нәтиже: сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды; -тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін біледі

	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру Заттық әлем. Көлік түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, Байланыс және қозғалыс құралдары:Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу Еңбекке баулу: Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гулдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие: Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке тәрбиелеу. Жолда жүру ережелері: Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Өсімдіктер әлемі: Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Жануарлар әлемі. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету: Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, Күтілетін нәтиже: бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді; ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектеседі; кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындайды;жолда жүру ережелерін біледі; көлік түрлері мен жол түрлерін атайды; қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін біледі;ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната алады;
	Сурет салу	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Күтілетін нәтиже: сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аударады;
	Мүсіндеу	Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Күтілетін нәтиже:
	Жапсыру	Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Күтілетін нәтиже:
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Қағаздан құрастыру: бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу,

		Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Күтілетін нәтиже: құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды;
	Музыка***	Музыка тыңдау: тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен әуендерді ойнау Билер: музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Күтілетін нәтиже: таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады;әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайды;қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады;
ақпан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар Жүру бағытты және қарқынды өзгертіп жүру Тепе-теңдікті сақтау қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру Жүгіру түрлі тапсырмаларды орындай отырып Еңбектеу өрмелеу табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу Секіру 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру Лақтыру, домалату,қағып алу допты бір-біріне төмен және бастан асра лақтыру Сапқа тұру бағыт бойынша түзелу Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу Кеудеге арналған жаттығулар: Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату Аяққа арналған жаттығулар: Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру Спорттық жаттығулар: шанамен төбешікке көтерілу Қимылды ойындар: Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету

		Дербес қимыл белсенділігі: Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындату; Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: Майлықты дұрыс қолдануға үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: Киімдерді жинау, ілу, Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Тыныс алу жолдарын шынықтыру Күтілетін нәтиже: - суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсінеді; өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүреді; жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді; сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап, жүреді; доптарды домалатады, заттарды қашықтыққа лақтырады, доптарды кедергілер арқылы лақтырады және қағып алады; аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта жүгіреді; түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіреді; табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектейді; алға ұмтылып, ұзындыққа қос аяқпен секіреді; тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалатады, шынықтыру түрлерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген; шанамен сырғанайды және мұзды жолдармен өз бетінше сырғанайды; қимылды ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетеді; доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен қимылды ойындарды ойнайды; өз бетінше ойнайды және спорттық ойындардың ережелерін сақтайды;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Сөздік қор. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сан есімдерді жекеше және көпше түрде қолдануға үйрету Байланыстырып сөйлеу. Шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Күтілетін нәтиже: - ақырын, жылдам сөйлейді; - сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, -сан есімдерді жекеше және көпше түрде байланыстырып айтады; -шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтады;
	Көркем әдебиет	Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Күтілетін нәтиже:

		- ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастырады;
	Қазақ тілі***	Тілдік дамытушы орта: бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Сөздік қор: Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқыз Тілдің грамматикалық құрылымы: Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға баулу Күтілетін нәтиже: төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын біледі; төрт түліктің төлдерін дауыстап шақыра алады; өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтады; жұмбақтардың жауабын табады; --таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша, өз бетінше ретімен қайталап айтады;
	Математика негіздері	Жиын. Заттарды санамай-ақ салыстыру Сан, санау. Теңдік және теңсіздік ұғымын қалыптастыру Шама. жуандығы бойынша заттарды салыстыру, Геометриялық фигура: Салыстырмалы нәтижелерін атау (жоғары-төмен) Кеңістікте бағдарлау. заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау. «Кеше» туралы ұғымын кеңейту Күтілетін нәтиже: -екі затты жуандығы бойынша салыстырады; -тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін біледі; -теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Заттық әлем. телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. Байланыс және қозғалыс құралдары: Өртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.

		Еңбекке баулу: Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, Адамгершілік және патриоттық тәрбие: ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Менің Отаным – Қазақстан. Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Жолда жүру ережелері: Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Өсімдіктер әлемі:Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау Жануарлар әлемі. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету: өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту. Күтілетін нәтиже: ересектердің және отбасы мүшелерінің мамандықтары, еңбегі туралы біледі, оларға қызығушылық танытады; өзара көмек беруге дайын, ренжіген балаға жанашырлық танытады;мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылармен әдепті қарымқатынас негіздерін біледі;жабайы аңдарды, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуін біледі;
	Сурет салу	Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. Күтілетін нәтиже: -суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін біледі; -қылқаламмен баса отырып сызықтарды қылқаламның ұшымен сызықтар жүргізеді
	Мүсіндеу	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Күтілетін нәтиже: мүсіндеуде қысу, тарту, басу тәсілдерін қолданады; мүсіндеуде кескішті қолданады;
	Жапсыру	Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже:

		қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасайды, оларды кезектестіріп ретімен желімдейді;
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Қағаздан құрастыру: орамдарға, ілмекке айналдыра білу, Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Күтілетін нәтиже: дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды; өз бетінше ойдан құрастырады; қағаз парағын түрлендіреді;
	Музыка****	Музыка тыңдау: музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету; Музыкалық-ырғақтық қимылдар: музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: сылдырмақтармен әуендерді ойнау Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Күтілетін нәтиже: тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі; марш сипатын ырғақты жүрумен береді, музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды;
наурыз	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар Жүру қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Тепе-теңдікті сақтау қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап жүру. Жүгіру шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру Еңбектеу өрмелеу 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту Секіру. 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, Лақтыру, домалату, қағып алу допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); Сапқа тұру оңға, солға бұрылу Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:

	Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу Кеудеге арналған жаттығулар: Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру Аяққа арналған жаттығулар: Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру Спорттық жаттығулар: төбешіктен түскенде тежеу Қимылды ойындар: ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу Дербес қимыл белсенділігі: қимылды ойындарға қатысуға тарту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Ересектің көмегімен киімдерді тазалау, құрғату. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: Күтілетін нәтиже: салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерге ие; тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаяды Ересектің көмегімен киімдерді тазалай алады, құрғатадыөкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүреді; жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді; сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап, жүреді; 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектейді; құрсаудан еңбектеп өтеді. табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектейді; алға ұмтылып, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, ұзындыққа қос аяппен секіреді; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыра алады (2 метр қашықтықтан); шынықтыру түрлерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген; шанамен сырғанайды және мұзды жолдармен өз бетінше сырғанайды; қимылды ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетеді; доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен қимылды ойындарды ойнайды; өз бетінше ойнайды және спорттық ойындардың ережелерін сақтайды;
	Сөйлеуді дамыту Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Сөздік қор. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, "қонақ кәде", "сыбаға", ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.

		Тілдің грамматикалық құрылымы. Сан есімдерді зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстыру; Байланыстырып сөйлеу. Бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді; - бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты қызығушылықпен талқылайды;
	Қазақ тілі***	Тілдік дамытушы орта. Сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән «Ұ» әрпін жеке және анық айтуға баулу Сөздік қор. Балаларға жұмбақ жасыртып және оны шешуге дағдыландыру Тілдің грамматикалық құрылымы. Үлгі бойынша жайылма сөйлем құрауға үйрету Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу Күтілетін нәтиже: -сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлар көңіл-күйін береді; -«Ұ» дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтады; -ойын жайылма сөйлемдермен жеткізеді; -жұмбақтарды шешеді; -өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады;
	Көркем әдебиет	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Күтілетін нәтиже: -санамақ, жаңылтпаш жаттайды, жұмбақ шешеді;
	Математика негіздері	Жиын. Негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Сан, санау. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, Шама. Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа сын есімдермен белгілеу Геометриялық фигура: Салыстыру нәтижелерін атау (қалың-жұқа) Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, Уақытты бағдарлау: «Ертең» туралы ұғымдарын кеңейту Күтілетін нәтиже: -Шаманы салыстыруды қолданады, - «ертең» ұғымдарын ажыратады - берілген бағытта қозғалады; - шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданады

	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Заттық әлем: Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу; Байланыс және қозғалыс құралдары: көлік құралдарын тану: Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу Адамгершілік және патриоттық тәрбие: айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Менің Отаным – Қазақстан. Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу Жолда жүру ережелері: балаларды жол жүру ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында құм, су, қар, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Өсімдіктер әлемі: Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көкіністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бақша, бөлме, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман) Жануарлар әлемі: Қыста құстарды қоректендірудің қажеттілігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, Олардың сайрауы, шықылдауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету: жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу Күтілетін нәтиже: Басқа балалармен бірге келісіп ойнайды, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтармен бөліседі; ересектердің әңгімесіне араласпайды, сыпайы түрде өтініш білдіреді; Өсімдіктердің өсуі үшін топырақ, жарық, ылғалдың, жылудың қажеттілігін біледі
	Сурет салу	Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бұршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Күтілетін нәтиже: қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастырады;
	Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Күтілетін нәтиже:
	Жапсыру	Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерімен киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Күтілетін нәтиже: қазақ халқының тұрмыстық заттарын мүсіндеуге қызығушылық танытады;
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструктордан құрастыру: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау;

		Қағаздан құрастыру: «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру Күтілетін нәтиже: Бөлшектерді желімдеу арқылы композицияларды құрастырады, «оригами» бойынша пішіндер құрастырады
	Музыка****	Музыка тыңдау: жоғары дыбыстарды ажырату (септима, шегінде жоғары, төмен); Ән айту: музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, қимылдар жасау. Күтілетін нәтиже: Қазықтың ұлттық аспабы домбыраны біледі, оны таниды, музыкалық қимылдық және жеңіл,ырғақты жүгірумен қимылдар жасайды
сәуір	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар. Жүру. жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру Тепе-теңдікті сақтау еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан Жүгіру. 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру Еңбектеу өрмелеу. 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту; Секіру. орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр) Лақтыру, домалату,қағып алу. допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Сапқа тұру. орнында айналу; Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Кеудеге арналған жаттығулар: Екі аяқты аяқастырып, отыру және тұру. Аяққа арналған жаттығулар: Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру Спорттық жаттығулар: оңға, солға бұрылу Қимылды ойындар: Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу.

		Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Дене белсенділігі мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Дымқыл шүберекпен сүртіну Күтілетін нәтиже: - дене белсенділігі мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы біледі; - аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта жүгіреді; - түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіреді; - табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектейді; - гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, еңбектейді; - гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелейді; - алға ұмтылып, ұзындыққа қос аяқпен секіреді; - доптарды домалатады, заттарды қашықтыққа лақтырады, доптарды кедергілер арқылы лақтырады және қағып алады; - қимылды ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетеді; - доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен қимылды ойындарды ойнайды; - өз бетінше ойнайды және спорттық ойындардың ережелерін сақтайды;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту Сөздік қор. Заттардың орналасқан жерін(сол, оң, қатар, жанында, арасында) анықтауды дамыту Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Күтілетін нәтиже: -сөздерді және сөз тіркестерін дұрыс, анық айтады; - ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды;
	Қазақ тілі***	Тілдік дамытушы орта. Сөйлеу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануды үйрету Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән «І» әрпін жеке және анық айтуға баулу Сөздік қор. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жаңашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Үлгі бойынша жай сөйлем құрауға үйрету Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға үйрету

		Күтілетін нәтиже:
	Көркем әдебиет	Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: - кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі, әңгіме құрастырады;
	Математика негіздері	Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, Сан, санау. «Қанша болды?», «қанша қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету Шама. Салыстыру нәтижелерін биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Геометриялық фигура: Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындығы,ені,биіктігі) Кеністікте бағдарлау:Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу. Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері, олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері. Күтілетін нәтиже: Екі затты салыстыра алады; жуандығы, шамасы бойынша салыстыра алады; -шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданады. екі затты -ұзындығы, ені, және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Заттық әлем: Телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. Еңбекке баулу: Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі,(қала мен ауыл байланысы) диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру.Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие: Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы туралы түсініктерін дамыту Жолда жүру ережелері: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Өсімдіктер әлемі: Бөлме өсімдіктеріне күтім жасауды үйрету Жануарлар әлемі: Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) туралы білімдерін кеңейту Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру.(электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жағу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау).

		Күтілетін нәтиже: Отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы біледі; Отбасындағы үлкендерді сыйлайды, құрметтейді, кішілерге қамқорлық танытады; өз өмірінің қарапайым дағдыларына ие;
	Сурет салу	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру) Күтілетін нәтиже: әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын жеткізеді;
	Мүсіндеу	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Күтілетін нәтиже: ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына қарапайым композициялар құрастырады;
	Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияларды құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Күтілетін нәтиже: ұжымдық жұмыстарды орындауға қатысады; заттарды дайын пішіндердің көмегімен және өз бетінше ойдан қиып жапсырады;
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан , «лего» конструктордан құрастыру: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесе отырып ойластыру. Қағаздан құрастыру: Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау Күтілетін нәтиже: Табиғи және қалдық заттардан құрастырады; құрастыруда шығармашылық танытады.
	Музыка****	Музыка тыңдау: әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. Ән айту: Аспаптың көмегімен ән айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкалық аспаптарда ойнау Күтілетін нәтиже: Әнді мәнерлеп, қимылдармен үйлестіріп айтады; таныс әндерді сүйемелдеумен орындайды.
мамыр	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар. Жүру. қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Тепе-теңдікті сақтау үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. Жүгіру. 40–50 метрге жүгіру Еңбектеу өрмелеу. бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту

		Секіру. қысқа секіргішпен секіру. Лақтыру, домалату, қағып алу. допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Сапқа тұру. араларын алшақ ұстау және жақын тұру. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Кеудеге арналған жаттығулар: Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. Аяққа арналған жаттығулар: Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу Қимылды ойындар: құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Дербес қимыл белсенділігі: Ауа райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Құлап қалған кезде өзіне қарпайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. Өз-өзіне қызмет көрсету дағдылары. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Күтілетін нәтиже: -өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген; өзінің сыртқы келбетін өз бетінше реттейді. түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіреді; табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектейді; гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, еңбектейді; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелейді; алға ұмтылып, ұзындыққа қос аяқпен секіреді; доптарды домалатады, заттарды қашықтыққа лақтырады, доптарды кедергілер арқылы лақтырады және қағып алады; қимылды ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетеді; доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен қимылды ойындарды ойнайды; өз бетінше ойнайды және спорттық ойындардың ережелерін сақтайды;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

		Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу Күтілетін нәтиже: -белгілі дыбысқа ауызша сөздерді табады; - өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі;
	Қазақ тілі***	Тілдік дамытушы орта. Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән «Ғ» әрпін жеке және анық айтуға баулу Сөздік қор. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізе білуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Күтілетін нәтиже: Шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізеді; -өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді; -ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттайды ; -берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табады;
	Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға , еркін ойындарда таныс (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру Күтілетін нәтиже: Сахналық қойылымдарға қатысады; образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады;еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды;
	Математика негіздері	Сан, санау. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру Шама. Бірнеше затты өсу және кемі ретімен орналастырып, салыстыру Геометриялық фигура: Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (қалыңдығы бойынша тең)

		Кеністікте бағдарлау: Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу. Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері, олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері. Күтілетін нәтиже: 5 көлемінде тура және кері санайды; екі затты салыстыра алады; бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. Заттық әлем: Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбекке баулу: Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау Адамгершілік және патриоттық тәрбие: Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Менің Отаным – Қазақстан. Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Жолда жүру ережелері: Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету. Өсімдіктер әлемі: Адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Жануарлар әлемі: Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) туралы білімдерін кеңейту Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету: Қоршаған ортада ,табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау) Күтілетін нәтиже: Әскердің міндеті туралы түсініктерге ие; жақын туыстарын біледі, олардың есімдерін атайды, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер , салт-дәстүрлер туралы әңгімелейді; ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрайды; қоршаған ортада қауіпсіздік ережелерін сақтайды;
	Сурет салу	Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға , жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты , қауіпсіздікті сақтауға баулу. Күтілетін нәтиже: Сурет салғанда еңкеймей тік отырады, жұмыс орнын таза ұстайды, қауіпсіздік ережелерді сақтайды.
	Мүсіндеу	Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау Күтілетін нәтиже: Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерді сақтайды;

	Жапсыру	Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. Қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау Күтілетін нәтиже: ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді; жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды, жұмысты ұқыптылықпен орындайды
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан , «лего» конструктордан құрастыру: Құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қағаздан құрастыру: қағаздан түрлі пішіндер құрастыру Күтілетін нәтиже: Құрастыруда шығармашылық танытады, құрдастарымен міндеттерін өзара бөліседі.
	Музыка****	Музыка тыңдау: Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдау.. Ән айту: Аспаптың көмегіңіз ән айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Күтілетін нәтиже: Домбырамен орындалған ән мен күйді тыңдайды; аспап көмегіңіз ән айтады; музыкалық аспаптарды таниды.